

# ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

---

(Жоғары кәсіптік білім)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ

5В030200 «Халықаралық құқық»  
бакалавриат мамандығы бойынша

2 несие

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
Астана  
2017

## АЛҒЫ СӨЗ

1. «Құқық» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясымен, «КАЗГЮУ Университеті» АҚ-ның Заңгерлерді бағалау және сертификатау бойынша бюросының қолдауымен **ДАЙЫНДАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
2. Республикалық жоғары және ЖОО кейінгі білім беру оқу-әдістемелік кеңесінің 2016 жылғы 30 шілдедегі хаттамалық шешімімен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.**
3. **АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН.**
4. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығымен бекітілген 5В030200-«Халықаралық құқық» мамандығы бойынша «Жоғары білім берудің типтік оқу жоспарымен» әзірленді.

Бұл типтік бағдарлама «Құқық» мамандықтар тобы бойынша оқу-әдістемелік секциясының рұқсатынсыз көбейтіле және таратыла алмайды.

## МАЗМҰНЫ

I. Түсіндірме хат	4
II. Дәріс сабақтарының тақырыптары	9
III. Тәжірибелік (семинар) сабақтарының тақырыптары	28
IV. Өзіндік дербес оқуға қалдырылған тақырыптардың тізімі	29
V. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі	33
VI. Үлгі оқу бағдарламасының авторлары	37

## I. Түсіндірме жазба

«Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» оқу пәні «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша құқық бакалаврларын даярлайтын оқу-кәсіби бағдарламасының құрамына кіреді. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы заң жоғары оқу орындары мен университет факультеттерінің оқу бағдарламасының құрамына кіретін базалық пәндердің бірі болып келеді. Жоғары дәрежедегі заңгерлерді даярлаудың қазіргі жағдайлардағы оның рөлі мемлекеттік басқару жүйесін, әсіресе құқық қорғау органдарын одан әрі жетілдіру қажеттілігімен және Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 24 тамыздағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасын, сонымен қатар ҚР Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын, «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» атты Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасын, «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асырумен түсіндіріледі.

«Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» пәнін оқудың маңыздылығы Қазақстан Республикасы Парламентімен 2017 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңын қабылдаумен артты.

Оқу пәнінің негізгі мақсаты – конституциялық құқықтың аса маңызды ғылыми-теориялық ережелері туралы, Қазақстан Республикасының конституциялық даму тарихы, демократиялық, құқықтық, әлеуметтік және зайырлы мемлекеттілігі қалыптасу процесіндегі мемлекет және қоғамның Негізгі заңы ретіндегі Конституцияның ролі және функциялары туралы, адам және азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесі туралы және мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық жүйесі туралы студенттердің фундаменталды түсінігін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқық курсының оқытудың негізгі мақсаты студенттерді конституциялық құқық ғылымының негіздерімен, мемлекет және қоғамның Негізгі заңы ретінде Конституция ілімімен, жеке адамның құқықтық жағдай негіздерімен, мемлекеттік органдар ұйымдастырылуы және қызметінің конституциялық қағидаларымен, Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару негіздерімен таныстыру және дербес дағдылық қызметке дайындау болып келеді. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының осы маңызды мәселелерін студенттердің түсінуі оларға саясат және мемлекеттік-құқықтық аясында дұрыс бағдарлауға, мемлекеттік және конституциялық-құқықтық саясат және тәжірибе мәселелердің дұрыс шешілуіне жәрдемдеседі.

Осы оқу пәнін оқу кезінде студент:

- Конституциялық құқық Қазақстан Республикасының құқық жүйесінің негізін қалаушы саласы екендігі туралы;
- Конституциялық-құқықтық институттар және қазіргі кезеңдегі мемлекеттік-құқықтық тәжірибедегі жүзеге асырылатын реттеу әдістері туралы;
- Мемлекет және қоғамның Негізгі заңы ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясының жалпы мазмұны, мәні, қағидалар және функциялар туралы;
- Қазақстанның конституциялық дамуының негізгі кезеңдері туралы

түсінік алуы қажет.

- Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы ғылымының негізгі түсініктері мен дәрежелерін;
- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылым негіздерінің негізгі қағидаларын және элементтерін;
- адам және азаматтың құқықтық жағдай негіздерінің мазмұны және қағидаларын;
- мемлекет органдарының ұйымдастырылу және қызметінің конституциялық қағидаларын, құрылымын, құқықтық мәртебесін, негізгі өкілеттіктерін;
- Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың конституциялық негіздерін

білуі қажет.

- Конституциялық-құқықтық түсініктер мен ұғымдарды жетік білу;
- Конституциялық-құқықтық мәселенамасы бойынша өз көзқарасын логикалық сауатты жеткізу және негіздеу;
- Конституцияны және конституциялық-құқықтық актілерін талқылау және қолдану;
- Заңды маңызы бар жағдайларды дұрыс бағалау және заңды деректерді саралау;
- Қазақстан Республикасының конституциялық заңнамасына сәйкес әр түрлі құқықтық әрекеттерді саналы түрде жасау

қолдана алуы қажет.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқық оқу курсының негізіне Конституция және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылым негіздерінің ұйымдастырылу және қызмет етуіне, адам және азаматтың құқықтық мәртебесіне, мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдардың құқықтық жағдайына қатысты нормативтік құқықтық актілер жатады. Осыған байланысты студенттерге Қазақстан Республикасының Парламент Жаршысында; Қазақстан Республикасының Президент және Үкімет актілер жинағында; Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңес Жаршысында, «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», т.б. газеттерде жарияланатын жаңа нормативтік құқықтық актілердің басылып шығуын бақылап отыру ұсынылады.

Аталмыш пәннің пререквизиттері болып келесі пәндер табылады: «Мемлекет және құқық теориясы», «Саясаттану», «Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы».

«ҚР конституциялық құқығы» оқу пәннің постреквизиттері болып «ҚР әкімшілік құқығы», «ҚР азаматтық құқығы», «ҚР қылмыстық құқығы», «ҚР қаржы құқығы», «Конституциялық процесс», «Халықаралық жария құқығы», «Мемлекеттік өзімет және басқару» және т.б. пәндер табылады.

Осындай байланыс Қазақстан Республикасының конституциялық құқық курсының пән ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Конституциялық құқықтың негізгі ұғымдар аппаратын түсіну процесінде студенттерге мемлекет және құқық теориясының көп ұғымдарын және категорияларын игеру қажет. Қазақстанның конституциялық даму, қазақстандық конституционализмнің қалыптасу мәселелерін зерттеу студенттердің Қазақстан Республикасының конституциялық-құқықтық институттардың пайда болу және даму тарихын білуді қажет етеді. Конституциялық құқықты оқу кезінде студенттер Платон, Аристотель, Д. Локк, Ш.Л. Монтескье, Ж.Ж. Руссо, Д.Мэдисон, Т. Джефферсон, И. Кант, Абай, Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, А. Байтұрсынов, Б.Сырттанов сияқты және т.б. атақты ойшылдардың еңбектерімен танысу жөн.

Сонымен қатар студенттер атақты қазақстандық ғалымдардың (Баймаханов М.Т., Зиманов С.З., Сапарғалиев Ғ.С., Сәбикенов С.Н., Сартаев С.С., Қопабаев О.К., Котов А.К., т.б.) монографиялық зерттеулерімен, және конституциялық-құқықтық мәселенамасы бойынша мерзімді баспасөзде, оның ішінде “Мемлекет және құқық”, “Правовая реформа в Казахстане”, “Заң және заман”, “Фемида”, т.б. заң журналдарында үнемі басылып шығарылатын мақалаларымен танысуға міндетті.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқық курсын оқудың тек теориялық ғана емес, сонымен қатар дағдылық маңызы бар. Осыған байланысты оқытудың маңызды нысаны интерактивті оқу әдістеріне негізделген тәжірибелік білім, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылыс тәжірибесін жалпылайтын рефераттар мен курстық жұмыстарын дайындау болып табылады. Сондықтан Қазақстан Республикасының конституциялық құқық теориясын және практикасын терең білу студенттердің аса маңызды мақсаты болып келеді. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығын оқу заңгерлердің кәсіби квалификациясын көтеруге, олардың конституциялық-құқықтық дәрежелермен ойлануға, мемлекет органдар, лауазымды тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер қызметінде және азаматтардың жүріс-тұрысында конституциялық заңдылық тәртібін орнатқызуға жәрдемдеседі.

«Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» оқу пәнін оқыту алдында «Мемлекет және құқық теориясы», «Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы», «Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы», т.б. пәндері оқытылады.

# ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

## КІРІСПЕ

«Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы» пәнінің зерттеу объектісі – конституциялық-құқықтық реттеуге жататын қоғамдық қатынастардың аясы, конституциялық-құқықтық нормалар, институттар және қатынастар, Қазақстан Республикасының конституциялық даму тарихы, мемлекеттің конституциялық құрылым негіздері, жеке адамның құқықтық жағдайы, мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдардың құқықтық мәртебесі, сонымен қатар Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы саласының және ғылымның негізгі даму тенденциялары болып табылады.

Осы пәнді зерттеу әдістері: конституциялық-құқықтық нормаларын және институттарын, конституциялық-құқықтық қатынастарын, Қазақстан Республикасының конституциялық даму тарихын, демократиялық, құқықтық мемлекеттілігін қалыптастыру жағдайларда конституциялық заңнамасын жетілдірудің негізгі тенденцияларын зерттейтін диалектикалық, формальды-логикалық, тарихи және салыстырмалы зерттеу әдістері. Диалектикалық әдіс студенттерге конституциялық-құқықтық құбылыстары мен категорияларын қозғалыста, саяси, әлеуметтік және қоғамдағы өзге процестермен байланыста қарастыруға жәрдемдеседі. Формалды-логикалық әдістің негізінде конституциялық-құқықтық жекеде шындықтан жалпыға, жалпыдан жекелендіру жолымен танылады. Тарихи әдістің көмегімен Қазақстан Республикасының конституциялық-құқықтық институттардың тарихи дамуы зерттеледі. Конституциялық құқықтың маңызды әдісі салыстырмалы әдіс болып келеді, ол арқылы Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттердің конституциялық-құқықтық институттарына салыстырмалы зерттеу жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқық ғылымы өзге қоғамдық және заң ғылымдар арасында жетекші ролін атқарады және негізін қалаушы орнын алады. Конституциялық құқық ғылымының пәніне қазақстандық конституционализмнің теоретико-әдістемелік мәселелері, Қазақстан Республикасының конституциялық даму тарихы, конституциялық заңнамасы дамуының негізгі тенденциялары және заңдылықтары, конституциялық-құқықтық нормалар және институттары, сонымен қатар конституциялық-құқықтық қатынастар жатады.

Қазақстанның конституциялық құқық тарихын шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады: 1. Кеңестік кезең, сонда конституциялық-құқықтық ғылым марксистік-лениндік идеология негізінде дамыды. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерінде партиялық және таптық қағидаларының басымдылығына қарамастан, қазақстандық ғалымдары (С.З.Зиманов, М.Т. Баймаханов, Ғ.С. Сапарғалиев, В.А. Ким және т.б.) конституциялық құқық бойынша фундаменталды жұмыстарын шығарған еді. 2. Конституциялық

құқықтың қазақстандық ғылымының дамуының қазіргі кезеңі біздің еліміздің тәуелсіздігін алу кезінен басталады. Оның қалыптасуына және дамуына конституциялық құқық бойынша монографиялық еңбектерін, оқулықтарын, Қазақстан Республикасының Конституциясының Комментарияларын басып шығарған Қазақстан ғалымдары, конституциялық құқық бойынша мамандар зор үлес қосады.

## II. Дәріс сабақтарының тақырыптары

I ТАРАУ. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының жалпы сипаттамасы.

1-тақырып. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы: түсінігі, пәні және әдістері.

1. Тақырып мазмұны.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының түсінігі. Конституциялық құқықтың Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқық жүйесіндегі орны және ролі. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығы пәні және оның ерекшеліктері. Қазақстан Республикасы конституциялық құқығының әдістері. Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының қазіргі кезеңдегі даму тенденциялары.

Конституциялық-құқықтық нормалар: түсінігі, ерекшеліктері, түрлері. Конституциялық-құқықтық қатынастар: түсінігі, оларға тән белгілер, түрлері. Конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілері, олардың жіктелуі.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының қайнар көздері: түсінігі, ерекшеліктері, түрлері (Конституция, конституциялық заңдар, заңдар, халықаралық шарттар, декларациялар, және т.б.).

Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының жүйесі: түсінігі, құрылым элементтері. Конституциялық-құқықтық институттары: түсінігі және түрлері.

Қазақстан Республикасындағы конституциялық-құқықтық жауапкершілік: түсінігі, мазмұны, негізгі субъектілер.

Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының ғылымы, заң ғылымдар жүйесіндегі орны және ролі, конституциялық құқық ғылымының пәні, жүйесі, қайнар көздері және әдістері. Қазақстан Республикасының конституциялық құқық ғылымының қазіргі кезеңдегі дамуы.

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін күзіреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі күзіреттерге ие болуы тиіс:

– Қазақстан Республикасының конституциялық-құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін;

- зерттеудің өзіндік жаңа әдістерін үйрену қабілетін;

- теориялық білімді, практикалық дағдыларды және зерттеу жұмыстарын жүргізу, оқу үдерісін ұйымдастыру және жаңа оқу материалдарын талдау дағдысын меңгеруді.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

- Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесіндегі конституциялық құқықтың ролі мен орнын;

- конституциялық және құқықтық реттеу әдістерінің ерекшеліктерін;

- конституциялық құқық және конституциялық заңнама жүйесін.

Үйренуі тиіс:

– кейстерді шешуде конституциялық заңнама нормаларын қолдануды.

3. Тәжірибе материалдары:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2001 жылғы 21 желтоқсандағы №18/2 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S010000018>

II ТАРАУ. Қазақстандық конституционализм: теория және тарихы.

2-тақырып. Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекет және қоғамның Негізгі заңы.

1. Тақырып мазмұны.

Қазақстан Республикасының Конституциясы: түсінігі және мәні. Қазақстан Республикасының ерекше сипаттары және заңды қасиеттері. Қазақстан Республикасының Конституциясының нысаны және құрылымы. Қазақстан Республикасының Конституциясының әлеуметтік функциялары және қағидалары. Конституцияның заңдық қасиеттері. Конституцияны қабылдау және оған өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі. Қазақстан Республикасының Конституциясын құқықтық қорғау. Конституцияға түсіндірме беру. Конституцияның сақталуының кепілдіктері.

Қазақстанның конституциялық дамуының негізгі кезеңдері: 1926 ж., 1937 ж., 1978 ж. Қазақстан Конституцияларына тән белгілері және ерекшеліктері. 1989-1993 жж. Конституциялық реформалар. 25 қазан 1990 ж. Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. 16 желтоқсан 1991 ж. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң.

1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы және оның тарихи маңызы.

Қазақстан Республикасындағы конституциялық реформа (1995 ж. наурыз-тамыз). 1995 жылғы Конституциясын даярлау және қабылдау ерекшеліктері. Конституциялық реформа (қазан, 1998 ж.) – оның Қазақстан Республикасындағы демократизациялау процестерін тереңдетудегі рөлі. Қазіргі кездегі конституциялық реформаның мәселелері.

2007 жылғы конституциялық реформа, 2007 жылғы 21 мамырдағы, 2011 жылғы 2 ақпанындағы және 2017 жылғы 10 наурыздағы ҚР Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар.

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін құзіреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі құзіреттерге ие болуы тиіс:

– конституциялық-құқықтық нормаларды әзірлеу, түсіндіру, жүйелеу үшін құқықтық әдістер мен құралдарды;

- құқықтық нормаларды талдаудың әдіснамасын, заңдағы

ахаулықтарды анықтауды, конституциялық-құқықтық нормалардың коллизиясы жағдайда шешімдер қабылдауды;

– теориялық білімді, практикалық дағдыларды және зерттеу жұмыстарын жүргізу қабілетін оқу үдерісін ұйымдастыруда және жаңа оқу материалдарын талдауда қолдануды.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

– конституциялық құқықтың негізгі ұғымдары мен категорияларын;

– Конституцияның түсінігі мен мәнін, қалыптасу қағидаларын.

Үйренуі тиіс:

– конституциялық заңнама нормаларын қолдану және мемлекеттік-құқықтық құбылыстың мәні мен мазмұнын сипаттайтын негізгі мәселелер мен тұжырымдамалармен еркін жұмыс істеу және оларды практикалық мәселелерді шешуде қолдануды.

3. Тәжірибе материалдары:

- "Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігіне тексеру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2017 жылғы 9 наурыздағы № 1 нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1700000001>

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 2-бабы 2-тармағын және 6-бабы 3-тармағын ресми түсіндіру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 2003 жылғы 23 сәуірдегі №4 қаулысы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S0300000004>

III ТАРАУ. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының негіздері.

3-тақырып. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының негіздері.

1. Тақырып мазмұны.

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымының түсінігі. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылым негіздерінің түсінігі және оның негізгі сипаттамасы мен мазмұны. Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекет нысанының негізгі белгілерінің бекітілуі (басқару нысаны, мемлекеттік құрылым нысаны, саяси режим).

Қазақстан Республикасы демократиялық, әлеуметтік және зайырлы мемлекет ретінде қалыптасу жолында. Адам – мемлекеттің ең жоғары қазынасы. Тұлға, қоғам және мемлекет ара қатынасының конституциялық негіздері.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі: түсінігі, мазмұны және мәні. Қазақстан халқы – мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі. Ұлттық егемендік, оның Қазақстан Республикасында жүзеге асырылуы. Демократияның тікелей және өкілді нысандары. Қазақстан Республикасында қолданыстағы құқықтың конституциялық негіздері. Қазақстан

Республикасында мемлекеттік тілді қолданудың конституциялық негіздері. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері. Қазақстан Республикасының халықаралық саясатының конституциялық негіздері.

Қазақстан Республикасы қызметінің негізгі қағидалары (қоғамдық татулық және саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігіне экономикалық даму, қазақстандық патриотизм және т.б.). Қазақстан Республикасында мемлекеттік биліктің ұйымдастырылу және қызметінің конституциялық негіздері. Біртұтас биліктің заң шығару, атқарушы және сот биліктеріне бөліну қағидасы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдар әрекеттесу кезінде тежеу және тепе-теңдік сақтау жүйесін қолдану. Президенттік-парламенттік басқару нысаны.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам қалыптасудың конституциялық негіздері. Идеологиялық және саяси әр алуандығы (плюрализм) қазақстандық азаматтық қоғам ұйымдастырылуының конституциялық қағидасы ретінде. Қазақстан Республикасында қоғамдық ұйымдар қызметінің конституциялық негіздері.

Қазақстан Республикасының экономикалық негізі, оның Конституцияда бекітілуі. Қазақстан Республикасындағы экономикалық қатынастардың конституциялық қағидалары (меншік нысандарының теңдігі, меншік құқығын қорғау кепілдері, кәсіпкерлік еркіндігі, нарықтық экономиканы қалыптастыру, т.б.).

Қазақстан Республикасындағы тілдердің конституциялық-құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері.

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін күзіреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі күзіреттерге ие болуы тиіс:

- Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңнамалық және өзге де нормативтік актілермен жұмыс істеу дағдыларын;

-

құқық қорғау және адам құқықтары саласындағы қызметті талдаудағы дағдыларын;

- ҚР Конституциялық Кеңесінің шешімдерін талдауды.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

- конституциялық құқықтың жалпы категориялары мен ұғымдарын, сондай-ақ конституциялық-құқықтық заңнамада қолданылатын арнайы терминдерді;

- конституциялық-құқықтық қатынастардың ерекшелігін, конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін;

- ҚР Конституциясының маңызын, ерекшеліктері мен мазмұнын, даму кезеңдерін;

- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысы негізінің мәні мен мазмұнын;

- қазақстандық мемлекеттіліктің конституциялық сипатын; ҚР қызметінің экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени қызметінің конституциялық негіздерін;

- адамның құқықтық мәртебесінің негіздерін; Қазақстан Республикасындағы азаматтық институтының қалыптасуын және дамуын, адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің мазмұнын; жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсілдерін;

- ҚР территориялық құрылымын;

- мемлекеттік билік органдары жүйесін ұйымдастырудың және қызметін қамтамасыз етудің конституциялық негіздерін.

Үйренуі тиіс:

– конституциялық заңнама нормаларын қолдану және мемлекеттік-құқықтық құбылыстың мәні мен мазмұнын сипаттайтын негізгі мәселелер мен тұжырымдамалармен еркін жұмыс істеу және оларды практикалық мәселелерді шешуде қолдануды;

- конституциялық құқық саласындағы алған білімдерін қорытуды;

- конституциялық құқық туралы теориялық білімдерді дұрыс қолдануды, конституциялық-құқықтық терминдер мен ұғымдарды заң шығару және құқыққолдану тәжірибесінде еркін әрі орнымен қолдануды;

- конституциялық құқық туралы теориялық білімдерді дұрыс қолдану, конституциялық-құқықтық терминдер мен ұғымдарды орнымен қолдану, оларды заңшығару және құқыққолдану тәжірибесінде орнымен қолдануды;

- конституциялық құқықтың пәні болып табылатын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді талдауды;

- конституциялық-құқықтық нормаларды әр түрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану арқылы талдауды;

- ҚР Конституциялық Кеңесінің шешімдерін талдау, оларды кәсіби қызметте басшылыққа алуды;

- конституциялық құқықтың пәні болып табылатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық шешімдерді ұлттық заңнамаға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қабылдауды;

- адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін, мемлекеттік билік органдарының және лауазымды тұлғаларының өкілеттігін жүзеге асыру үшін қажетті конституциялық процедуралық нормаларды қолдануды.

3. Тәжірибе материалдары:

- Қарағанды облысы Теміртау қалалық сотының ұсынысы бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 361 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу қағидаларының 7-тармағы 3) тармақшасының конституциялығын тексеру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2016 жылғы 14 желтоқсандағы №1 нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1600000001>

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының нормаларын халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін орындау тәртібіне қатысты қолданыста ресми түсіндіру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2009 жылғы 5 қарашадағы № 6 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S090000006>

4-тақырып. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық бірлестіктердің ұйымдастырылуы және қызмет етуінің конституциялық негіздері.

1. Тақырып мазмұны.

Көппартиялы жүйенің Қазақстан Республикасында қалыптасуы. Мемлекеттің қоғамдық бірлестіктер және саяси партиялармен ара қатынасының конституциялық қағидалары. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық бірлестіктердің конституциялық-құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың конституциялық-құқықтық мәртебесі.

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін күзінеттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі күзінеттерге ие болуы тиіс:

- құқыққолдану және құқыққорғау қызметін талдау дағдыларын;
- ҚР Конституциялық Кеңесінің шешімдерін талдау дағдыларын.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

- конституциялық және құқықтық қатынастардың ерекшелігін, конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін;

- адамның құқықтық мәртебесінің негіздерін; Қазақстан Республикасындағы азаматтық институтының қалыптасуын және дамуын, адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің мазмұнын; жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсілдерін.

Үйренуі тиіс:

- конституциялық құқық туралы теориялық білімдерді дұрыс қолдану, конституциялық-құқықтық терминдер мен ұғымдарды орынды қолдану, оларды заңшығару және құқыққолдану тәжірибесінде орнымен қолдануды;

- конституциялық құқықтың пәні болып табылатын қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді талдауды;

- конституциялық-құқықтық нормаларды талдаудың әртүрлі әдістері мен түрлерін қолдану арқылы талдауды.

3. Тәжірибе материалдары:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабы 2-тармағын ресми түсіндіру және "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының және "Қазақстан Республикасының кейбір

заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігін тексеру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2009 жылғы 20 тамыздағы №5 Нормативтік қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S090000005>

- Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Қазақстан Республикасы Конституциясы 5-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы 2000 жылғы 7 маусым №4/2 Қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S000000004>

IV ТАРАУ. Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің негіздері.

5-тақырып. Қазақстан Республикасында адам және азаматтың құқықтық мәртебесінің негіздері.

1. Тақырып мазмұны.

Адам және азамат құқықтық мәртебесі негіздерінің түсінігі, жеке адамның құқықтық мәртебесінің негізгі элементтері. Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің дуализмі (адам құқықтары және азамат құқықтары). Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің қағидалары. Адам құқықтары аясында Қазақстан Республикасының заңнамасының және халықаралық құқықтың ара қатынасы.

Қазақстан Республикасының азаматтығы аса маңызды конституциялық-құқықтық институт ретінде: түсінігі, мазмұны, қағидалар. Қазақстан Республикасының азаматтығын алу негіздері және тәртібі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдардың азаматтық мәселелері бойынша өкілеттері. Азаматтық мәселелері бойынша құжаттарды қарастыру ісін жүргізу.

Қазақстан Республикасында адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары және міндеттері. Жеке тұлғаның конституциялық құқықтары және бостандықтарын бекітудің негізгі тәсілдері (оң, теріс). Жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының заңи мазмұны (оң және табиғи-құқықтық әдістеме). Жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарының түсінігі және мазмұны. Жеке құқықтар мен бостандықтары (өмір сүру құқығы, жеке бас бостандық құқығы, т.б.). Жеке тұлғаның әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтары мен бостандықтары (еңбек ету құқығы, денсаулықты қорғау құқығы, т.б.). Азаматтардың саяси құқықтары мен бостандықтары (мемлекетті басқаруға қатысу құқығы, т.б.). Жеке тұлғаның құқықтарын және бостандықтарын шектеудің конституциялық негіздері. Жеке тұлғаның құқықтарын және бостандықтарын шектеудің конституциялық негіздерінің кепілдіктері. Қазақстан Республикасында конституциялық құқықтар және

бостандықтардың кепілдіктері. Жеке тұлғаның конституциялық міндеттері: түсінігі, мазмұны және түрлері.

Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының құқықтық жағдайы. Шетел азаматы және азаматтығы жоқ тұлғаның түсінігі. Шетелдік азаматтардың сараптамасы (Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын, уақытша тұратын). Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында құқықтық жағдайының қағидалары. Қазақстан Республикасында шетел азаматтарының негізгі құқықтары, бостандықтары және міндеттері. Шетел азаматтарының Қазақстанға келу және кетуінің ортақ ережелері. Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының жауапкершілігі.

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін күзиреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі күзиреттерге ие болуы тиіс:

- Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңнамалық және өзге де нормативтік актілермен жұмыс істеу дағдыларын;

- құқыққолдану және құқыққорғау қызметін талдау дағдыларын;

- ҚР Конституциялық Кеңесі қаулыларын талдау дағдыларын.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

- конституциялық құқықтың жалпы категориялары мен ұғымдарын, сондай-ақ конституциялық-құқықтық заңнамада қолданылатын арнайы терминдерді;

- конституциялық-құқықтық қатынастардың ерекшелігін, конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін;

- адамның құқықтық мәртебесінің негіздерін; Қазақстан Республикасындағы азаматтық институтының қалыптасуын және дамуын, адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің мазмұнын; жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсілдерін;

- мемлекеттік билік органдары жүйесін ұйымдастырудың және қызметін қамтамасыз етудің конституциялық негіздерін.

Үйренуі тиіс:

– конституциялық заңнама нормаларын қолдану және мемлекеттік-құқықтық құбылыстың мәні мен мазмұнын сипаттайтын негізгі мәселелер мен тұжырымдамалармен еркін жұмыс істеу және оларды практикалық мәселелерді шешуде қолдануды.

- конституциялық құқық туралы теориялық білімдерді дұрыс қолдану, конституциялық-құқықтық терминдер мен ұғымдарды орынды қолдану, оларды заңшығару және құқыққолдану тәжірибесінде орнымен қолдануды;

- конституциялық-құқықтық нормаларды талдаудың әртүрлі әдістері мен түрлерін қолдану арқылы талдауды;

- ҚР Конституциялық Кеңесінің шешімдерін талдау, оларды кәсіби

қызметте басшылыққа алуды;

- адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін, мемлекеттік билік органдарының және лауазымды тұлғаларының өкілеттігін жүзеге асыру үшін қажетті конституциялық процедуралық нормаларды қолдануды.

### 3. Тәжірибе материалдары:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 және 12-баптарын ресми түсіндіру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2003 жылғы 1 желтоқсандағы №12 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S030000012>

- "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңының 13-бабының конституциялылығын тексеру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2005 жылғы 29 сәуірдегі №3 Қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S050000003>

- Қазақстан Республикасы Конституциясы 14-бабының 1 және 2-тармақтарына, 24-бабының 2-тармағына, 77-бабы 3-тармағының 5) тармақшасына ресми түсіндірме беру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 10 наурыз №2/2 Қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S990000002>

V ТАРАУ. Қазақстандағы сайлау құқығы және республикалық референдум. 6-тақырып. Сайлау құқығы және Қазақстан Республикасының сайлау жүйелері.

#### 1. Тақырып мазмұны.

Қазақстан Республикасының сайлау құқығы: түсінігі, қағидалар және әлеуметтік функциялар. Сайлау еркіндігінің кепілдіктері. Қазақстан Республикасында сайлау туралы заңнаманың дамуы. Қазақстан Республикасының сайлау құқығындағы ценздер: түсінігі және түрлері. Сайлау жүйелері (мажоритарлы, пропорционалды), олардың ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасындағы сайлау органдары: түсінігі, жүйесі, өкілеттілік мерзімдері. Сайлау комиссиясы мүшесінің мәртебесі. Сайлау комиссиясының қызметін ұйымдастыру.

Сайлау процесі: түсінігі және негізгі кезеңдері (сайлауды белгілеу, сайлау аймақтарын және учаскелерін құру, сайлаушылардың (дауыс берушілердің) тізімдерін құрастыру, кандидаттарды ұсыну, кандидаттарды тіркеу, сайлау алдындағы үгіттеу, сайлауды қаржыландыру, дауыс беру және дауыстарды санау, сайлау нәтижелерін анықтау).

Қазақстан Республикасының Президентін сайлау ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасының Парламентінің Сенат және Мәжіліс депутаттарын сайлау ерекшеліктері. Мәслихат депутаттарын сайлау ерекшеліктері. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау. Әкімдерді сайлау: ерекшеліктері және құқықтық реттелуі.

#### 2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен

меңгерілетін құзіреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі құзіреттерге ие болуы тиіс:

- Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңнамалық және өзге де нормативтік актілермен жұмыс істеу дағдыларын;
- құқыққолдану және құқыққорғау қызметін талдау дағдыларын;
- ҚР Конституциялық Кеңесі қаулыларын талдау дағдыларын.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

- конституциялық құқықтың жалпы категориялары мен ұғымдарын, сондай-ақ конституциялық-құқықтық заңнамада қолданылатын арнайы терминдерді;

- мемлекеттік билік органдары жүйесін ұйымдастырудың және қызметін қамтамасыз етудің конституциялық негіздерін.

Үйренуі тиіс:

- конституциялық заңнама нормаларын қолдану және мемлекеттік-құқықтық құбылыстың мәні мен мазмұнын сипаттайтын негізгі мәселелер мен тұжырымдамалармен еркін жұмыс істеу және оларды практикалық мәселелерді шешуде қолдануды.

- конституциялық құқық туралы теориялық білімдерді дұрыс қолдану, конституциялық-құқықтық терминдер мен ұғымдарды орынды қолдану, оларды заңшығару және құқыққолдану тәжірибесінде орнымен қолдануды;

- конституциялық-құқықтық нормаларды талдаудың әртүрлі әдістері мен түрлерін қолдану арқылы талдауды;

- ҚР Конституциялық Кеңесінің шешімдерін талдау, оларды кәсіби қызметте басшылыққа алу.

3. Тәжірибе материалдары:

- 2007 жылы төртінші шақырылатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын кезектен тыс сайлауда және мәслихаттары депутаттарын кезекті сайлауда дауыс беру уақытында сайлау бюллетеньдерін пайдалану туралы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 15 тамыздағы №109/237 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 16 қыркүйектегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №4875 болып енгізілді [//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070004875](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070004875)

- Постановление Конституционного Совета Республики Казахстан «Об официальном толковании пункта 2 статьи 41 Конституции Республики Казахстан» от 9 октября 1998 г. № 9/2//[#0.](http://adilet.zan.kz/rus/docs/S980000009) **(орысша мәтінде тіркелген)**

7-тақырып. Республикалық референдум.

1. Тақырып мазмұны.

Республикалық референдум: түсінігі және қағидалар. Республикалық референдумның пәні. Республикалық референдумның пәні бола алмайтын

мәселелер. Республикалық референдумді белгілеу және оны дайындау. Республикалық референдум комиссиялары. Республикалық референдумді өткізу тәртібі. Республикалық референдум шешімдері.

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін күзіреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі күзіреттерге ие болуы тиіс:

- Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңнамалық және өзге де нормативтік актілермен жұмыс істеу дағдыларын;

- құқыққолдану және құқыққорғау қызметін талдау дағдысын, сонымен қатар ҚР ОСК және ҚР Конституциялық Кеңесінің қаулыларын талдауды.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

- конституциялық және құқықтық қатынастардың ерекшелігін, конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, конституциялық құқықтың жалпы категориялары мен ұғымдарын, сондай-ақ конституциялық-құқықтық заңнамада қолданылатын арнайы терминдерді;

- адамның құқықтық мәртебесінің негіздерін; Қазақстан Республикасындағы азаматтық институтының қалыптасуын және дамуын, адам және азаматтың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің мазмұнын; жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын қорғау тәсілдерін.

Үйренуі тиіс:

- конституциялық құқық туралы теориялық білімдерді дұрыс қолдану, конституциялық-құқықтық терминдер мен ұғымдарды орынды қолдану, оларды заңшығару және құқыққолдану тәжірибесінде орнымен қолдануды;

- конституциялық-құқықтық нормаларды талдаудың әртүрлі әдістері мен түрлерін қолдану арқылы талдауды;

- ҚР ОСК және ҚР Конституциялық Кеңесінің актілерін талдау, оларды кәсіби қызметте басшылыққа алуды.

3. Тәжірибе материалдары:

- "Партиялық тізімдер бойынша сайланатын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауы мен Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының сайлауы кезінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгітті жүзеге асырудың және оны ақпараттық қамтамасыз етудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 90/178 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының 2015 жылғы 20 қазандағы № 43/76 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 4 желтоқсанда № 12355 болып тіркелді // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012355>

VI ТАРАУ. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының конституциялық жүйесі.

8-тақырып. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының конституциялық жүйесі.

1. Тақырып мазмұны.

Мемлекеттік орган: түсінігі, негізгі белгілері. Мемлекеттік органдардың ұйымдастырылу және қызмет етуінің конституциялық қағидалары. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының конституциялық жүйесі (Президент, Парламент, соттар, Конституциялық Кеңес және т.б.).

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін күзінреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі күзінреттерге ие болуы тиіс:

– кәсіби қызметті ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы міндеттерді орындау жолдарын анықтауды, оны жүзеге асырудың тиімділігі мен сапасына баға беруді.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

– мемлекеттік органдардың экономикалық, әлеуметтік-мәдени, саяси салалардағы негізгі орны.

Үйренуі тиіс:

- негізгі теориялық құқықтық түсініктер мен категорияларды пайдалануды;

- құқықтық фактілерді және олармен байланысты саяси және құқықтық қатынастарды талдау; құқықтық нормаларды талдау, түсіндіру және дұрыс қолдану.

3. Тәжірибе материалдары:

- Қазақстан Республикасы Конституциясы 88-бабының 4-тармағын ресми түсіндіру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2000 жылғы 31 мамырдағы №3/2 Қаулысы. // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S000000003>

9-тақырып. Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі.

1. Тақырып мазмұны.

Президент институтының түсінігі. Қазақстан Республикасында президент институты қалыптасуының негізгі кезеңдері. Қазақстан Республикасында президенттік басқару нысаны: түсінігі, ерекшеліктері. Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекет басшысы. Қазақстан Республикасының Президентінің жоғары мемлекеттік билік органдар жүйесіндегі орны. Қазақстан Республикасы Президентінің құзыреті (өкілеттіктері). Президенттік лауазымынан мерзімнен бұрын босату тәртібі. Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық актілері. Қазақстан

Республикасы Президент қызметін қамтамасыз ету жүйесі. Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің оның өкілеттіліктерін жүзеге асырудағы ролі. Қазақстан Республикасы бұрынғы Президенттердің конституциялық-құқықтық мәртебесі. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президентінің құқықтық мәртебесі. Президенттік биліктің нышандары.

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін құзіреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі құзіреттерге ие болуы тиіс:

- ҚР Президентінің актілерін талдау, оларды кәсіби қызметте басшылыққа алу;

- ҚР Президенті актілері және ұлттық заңнамаға сәйкес құқықтық шешімдер қабылдауды.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

– ҚР Президенті қызметін конституциялық-құқықтық реттеу

Үйренуі тиіс:

– келесі негізгі теориялық құқықтық түсініктер мен категорияларды пайдалануды: мемлекеттік билік, президент, президенттік басқару, иммунитет, парламенттік индемнитет, үкімет, сот билігі, ҚР Президенті қызметі мен ұйымдастырылуының қағидаларын.

3. Тәжірибе материалдары:

- Қазақстан Республикасы Конституциясы 44-бабының 2)-тармақшасын, 45-бабының 2-тармағын, 61-бабының 2-тармағын, 62-бабының 2-тармағын, 72-бабы

1-тармағының 2)

тармақшасын ресми түсіндіру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2000 жылғы 3 шілде №15/2 Қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S000000015>

- Постановление Конституционного Совета Республики Казахстан «Об официальном толковании пункта 2 статьи 41 Конституции Республики Казахстан» от 9 октября 1998 г. № 9/2// [#0](http://adilet.zan.kz/rus/docs/S980000009) (орысша мәтінде тіркелген)

10-тақырып. Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық-құқықтық мәртебесі.

1. Тақырып мазмұны.

Қазіргі уақыттағы парламентаризм. Түсінігі және мәні. Парламенттік құқық. Қазақстандық парламентаризм және кәсіби Парламенттің Қазақстан Республикасында қалыптасуының негізгі кезеңдері. Қазақстан Республикасы Парламентінің жоғары мемлекеттік билік органдар жүйесіндегі орны және ролі. Қазақстан Республикасы Парламентінің құрылымы. Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілеттіктерін жүзеге асырудың ұйымдастырушылық нысандары. Қазақстан Республикасы Парламентінің үйлестірушілік және жұмыс органдары. Қазақстан Республикасы Парламент

Палаталарының Төрағалары. Парламент Палаталарының біріккен өкілеттіктері. Сенаттың ерекше (төтенше) өкілеттіктері. Мәжілістің ерекше (төтенше) өкілеттіктері. Парламенттің Президентке Республиканың лауазымды тұлғаларын лауазымға тағайындау, сайлау және қызметтен босатуға келісім беру бойынша өкілеттіліктерін жүзеге асыру. Қазақстан Республикасы Парламентіндегі заң шығару процесі. Жоба алдындағы кезеңі, заң жобаларының криминологиялық сараптамасы. Заңшығару бастамасы (заң жобасын енгізу), Парламент Палаталарында заң жобасын қарау, заң жобасын қабылдау, заңдарды Қазақстан Республикасының Президенті қол қоюға ұсыну. Республика Президенті қарсылық туғызған заңдарды (баптарды) Парламентпен қарастыру.

Қазақстан Республикасы Парламентінің конституциялық-құқықтық жауапкершілігі. Қазақстан Республикасы Парламентінің өз өкілеттіктерін тоқтату негіздері.

Қазақстан Республикасы Парламентін конституциялық-құқықтық мәртебесін қазақстандық қоғамды одан әрі демократизациялау жағдайларында жетілдіру мәселелері.

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін күзиреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі күзиреттерге ие болуы тиіс:

– құқықтық актілермен жұмыс жүргізу дағдысын;  
– әртүрлі құқықтық құбылыстарды, заңды фактілерді, құқықтық нормаларды және қатынастарды талдау дағдыларын;  
– конституциялық құқық нормаларын қолдану мен жүзеге асырудағы дағдыларын.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

– мемлекеттік биліктің мәнін, қазіргі уақыттағы заңшығару билігінің ерекшеліктерін, парламент құрылымын, парламент мүшелері мәртебесінің ерекшеліктерін.

Үйренуі тиіс:

– келесі конституциялық-құқықтық түсініктер мен категорияларды пайдалануды: мемлекеттік билік, парламент, парламент мүшелері, бикамерализм, парламенттік иммунитет, парламент құрылу тәртібі мен қызметінің қағидаларын.

3. Тәжірибе материалдары:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 49-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 14 шілдегі №13/2 Қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S990000013>

11-тақырып. Қазақстан Республикасы Парламент депутатының конституциялық-құқықтық мәртебесі.

### 1. Тақырып мазмұны.

Халық өкілдігі түсінігі. Қазақстан Республикасының Парламент депутатының конституциялық-құқықтық мәртебесі. Парламент депутаты қызметінің негізгі қағидалары. Парламент депутатының өкілеттіктері. Депутаттың Парламент сессияларына, оның палаталар отырыстарына қатысуы. Депутат сұраулары және сұрақтары. Парламент депутат қызметін қамтамасыз ету жүйесі. Парламент депутатының өкілеттіктерін жүзеге асыру кепілдері. Депутатқа қолсұқпаушылық. Парламенттегі депутаттардың бірлестіктері. Парламент депутатына қолданыла алатын жазалау шаралары.

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін күзиреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі күзиреттерге ие болуы тиіс:

- құқықтық актілермен жұмыс істеу дағдысын;
- әр түрлі құқықтық құбылыстарды, құқықтық фактілерді, құқықтық нормаларды және қатынастарды талдау дағдыларын;
- конституциялық құқық нормаларын жүзеге асыру дағдыларын.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

- мемлекеттік биліктің мәнін, қазіргі заманғы заңшығару билігінің ерекшеліктерін, қазіргі парламенттердің құрылымын, парламент мәртебесінің ерекшелігін.

Үйренуі тиіс:

- конституциялық-құқықтық түсініктер мен категорияларды пайдалануды: мемлекеттік билік, парламент, парламент мүшелері, бикамерализм, парламенттік иммунитет, парламент құрылу тәртібі мен қызметінің қағидаларын.

### 3. Тәжірибе материалдары:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 50-бабының 5-тармағына ресми түсіндірме беру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 15 наурыздағы № ½ Қаулысы / [/http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S990000001](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S990000001)

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабы 4-тармағының "тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не республика астанасының аумағында кемінде үш жыл тұрақты тұрған" нормасы бөлігіне ресми түсіндірме беру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 18 наурыздағы №5/2 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S990000005>

12-тақырып. Қазақстан Республикасы Үкіметінің конституциялық-құқықтық мәртебесі.

### 1. Тақырып мазмұны.

Қазақстан Республикасындағы атқарушы билік: түсінігі, негізгі белгілері. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жоғары мемлекеттік билік

органдар жүйесіндегі орны және ролі. Үкімет – Қазақстан Республикасындағы атқарушы биліктің ең жоғары органы. Қазақстан Республикасы Үкіметін құру, құрылымы және құрамы. Үкімет өкілеттіліктерінің мерзімі. Үкіметтің отставкаға кету мәселелері.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті, есеп беру және жауапкершілігі. Үкімет актілері: тісінігі, түрлері, заңдық күші. Үкіметтің мемлекеттік органдарымен қатынастары (Президентпен, Парламентпен, т.б.). Үкімет қызметін ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің конституциялық-құқықтық мәртебесін қазақстандық қоғамды одан әрі демократизациялау жағдайларында жетілдіру мәселелері.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің құқықтық мәртебесі, тағайындау тәртібі. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің актілері.

2. Тақырып бойынша дәріс және семинар сабақтарының студентпен меңгерілетін күзиреттілікпен байланысы:

Тақырыпты меңгеру барысында студент келесі күзиреттерге ие болуы тиіс:

– кәсіби қызметте құқықтық актілер туралы білімді қолдануды;

– құқықтық базаның үнемі өзгеріске түсетіндігі ықтималдығын ескеруді;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарына сәйкестігіне талдау жасауды.

Тақырыпты меңгеру барысында студент:

Білуі тиіс:

– ҚР Үкіметі қызметінің конституциялық-құқықтық нысандарын;

– ҚР Үкіметі қабылдайтын актілерді;

Үйренуі тиіс:

– Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы қолданыстағы заңнаманың нормаларын талдауды;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін тәжірибеде қолдануды.

3. Тәжірибе материалдары:

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабы 4) тармақшасына ресми түсіндірме беру туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі 1999 жылғы 17 наурыздағы №4/2 Қаулысы [//http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S990000004](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/S990000004)

13-тақырып. Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылау.

1. Тақырып мазмұны.

Конституциялық бақылау түсінігі және оның негізгі модельдері. Қазақстан Республикасындағы конституциялық бақылау институтының қалыптасуы. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінің құқықтық мәртебесі: құрамы, құру тәртібі, оның мүшелерінің өкілеттіліктерінің мерзімі. Конституциялық Кеңес Төрағасы және мүшелерінің мәртебесі. Конституциялық Кеңестің және лауазымды тұлғаларының

